

Келісілді: *Нуржанова*
ЖШС Жеке балабақша «Ақниет» «Ақниет+»
жеке бөбекжай-балабақшасының
әдіскері Нуржанова Б.Б

Бекітілді: *Мухамбеткалиева*
ЖШС Жеке балабақша «Ақниет» «Ақниет+»
жеке бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі Мухамбеткалиева Г.А



№1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген Хаттама №1, 31.08.2023ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспары
«Ақ шағала» әртүрлі жас /ересек/ тобы

Тәрбиешілер: Абдрахманова Г.С.
Жуматова Т.С.

Түсінік хат

2023-2024 оқу жылындағы «Ақ шағала» әртүрлі жас /ересек/ тобының тәрбиелеу білім беру процессінің перспективалық жоспары төмендегі нормативтік құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылды.

-Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

-Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» (өзгерістермен толықтырулар 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген)

-Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарда 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми әдістемелік кеңесінің 2023 жылға 26 шілдедегі №7 хаттамасы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының базалық оқу жоспарыныңкіші тобына арналған ұйымдастырылған іс әрекеті бойынша:

Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс әрекеті аптасына 3 рет берілген. Қимыл белсенділігін дамыту барысында күн сайын қамтылып тұрады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет ұйымдастырылған іс әрекеті барысында байланыстырып сөйлеуге, сөздік қорды арттыру, тілдік-құзіреттілікті арттыру барысында күн сайын қамтылады.

Сенсорика ұйымдастырылған іс әрекеті танымдық белсенділігін, қызығушылығын арттыру барысында күн сайын қамтылады.

Қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс әрекеті күн сайын қамтылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру ұйымдастырылған іс- әрекеттер күн сайын қамтылады.

Музыка ұйымдастырылған іс әрекеті аптасына 1 рет берілген.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақт арын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау</p> <p>Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен алмастыру: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру: Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру): Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта): 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу, тақтайда, орындықта көлденеңінен еңбектеу: Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық), сызықпен, арқанмен, тақтаймен, гимнастикалық орындықпен, бөренемен жүру: Қатарға бір- бірден сапқа тұру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу Спорттық ойын элементтері: кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады; Қимылды ойындардың ережелерін орындайды; Түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүреді; Спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игерген;</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен танысып қызығушылығын арттыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы. байланыстырып сөйлеу; Байланыстырып сөйлеу. Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдерін көрсету. Шығармаларды қабылдау. Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындайды; дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады. адамдардың мамандықтарын біледі, тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді; үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады; шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды.</p>
--	-------------------------------	---

<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқу, әңгімелеу. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Мәнерлеп оқу. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтау. Мазмұндау. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету. Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту: түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу; Адамгершілік нормалары туралы түсінік : ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас; Күтілетін нәтижелер: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай біледі; таныс ертегілердің мазмұнын айтып береді; дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстайды; театрландырылған қойылымды дайындау барысында ересектермен және құрдастарымен өзара әрекет ете алады; құрдастарына достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсетеді.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беру Күтілетін нәтижелер айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы біледі эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді;</p>

		сөз ішінде анық айтады; қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына
	Математика негіздері	<p>Жиын: әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;</p> <p>Сан, санау: 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету;</p> <p>Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру: ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;</p> <p>Геометриялық пішіндер: балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету;</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; шамасы әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, ені бойынша) өсу және кему ретімен орналастыра алады; геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді ажыратады және атайды; кеңістікті және уақытты бағдарлай алады.</p>

	<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Көкөністер мен жемістерді, ыдыстар, ойыншықтар, жануарларды бейнелеу;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Сәндік сурет салу: Қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Көкөністер-жемістердің, ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттерін салады; Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, сурет салады, талғам дағдылары қалыптасады; Қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен танысады, оюдың бөліктері туралы ұғым алады.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша орындау;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Балаларға көлемді пішіндерді мүсіндеуге үйрету;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Түрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды түрлі тәсілдерді қолданып, мүсіндей алады; Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылықтары артады; Халық шығармашылығының желісі бойынша тұрмыстық заттар мен ойыншықтардың бейнелерін мүсіндеуге қызығушылық танытады.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру: Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>

		<p>Күтілетін нәтижелер: Қайшыны дұрыс ұстайды және пайдаланады; Қысқа және ұзын жолақтарды, дөңгелек пішіндерді қияды; Жеке бөліктерді жапсырады;</p>
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырады; Қағаздың тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіреді; Табиғи материалдардан түрлі заттар дайындайды.</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Өртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікір айналу. Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау</p> <p>Ән айту: Өртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету; Музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды; олардың мазмұндары туралы айта алады; Сөздерді созыңқы және анық айтады.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;</p> <p>Заттық әлем: Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.</p>

		<p>Келесі білімдерді қалыптастыру: таныс емес заттарды қолдану туралы; қоршаған ортадағы заттардың қолданысы, құрылысы, материалы арасындағы байланысы туралы.</p> <p>Әртүрлі мамандықтағы адамдар туралы ұғым: Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері, адамның тұратын үйі, балабақша, мектеп, ересектердің еңбектері туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Жолда жүру ережелері: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту),</p> <p>Күтілетін нәтижелер: өзі туған елді мекенін, туған елін атайды; Таныс заттарды ажыратып, айта алады; Еңбек адамдарына және олардың еңбектерінің нәтижелеріне құрмет көрсетеді; Көлік түрлерін атайды, көшеден, жолдан өткенде өзін дұрыс ұстауды біледі;</p>
--	--	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: Бір орында оңға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту: Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру: Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру: Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу: Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша түзелу:</p> <p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау;</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Дене жаттығуларының орындауға қызығушылық танытады; Қимылды ойындардың ережелерін орындайды; Түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүреді; Екеуден, үшеуден қатарға қайта тұрады; Спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игерген;</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. <i>Сөздік қор.</i> Заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Келесі дағдыларды қалыптастыру: Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру; <i>Тілдің грамматикалық құрылымы.</i> Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану; <i>Байланыстырып сөйлеу.</i> Сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету. <i>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</i> Саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту. <i>Шығармаларды қабылдау.</i> Ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтижелер: Үнді және ызың дыбыстарды айта алады. Заттардың бөліктерін ажыратады; заттардың тұрған орнын анықтай алады; Жануарлар мен олардың төлдерінің атауларын атайды, зат есімдермен жекеше және көпше түрде байланыстырады; үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады; шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды. Тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыра алады.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p><i>Оқу, әңгімелеу.</i> Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру; <i>Мәнерлеп оқу.</i> Өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. <i>Мазмұндау.</i> Диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.</p>

		<p>Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту: Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау; таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау; ертегі желісін ретімен орындау.</p> <p>Адамгершілік нормалары туралы түсінік : Адамдардың сезімі мен қарым-қатынасын көрсету; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай біледі; таныс ертегілердің мазмұнын айтып береді; әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады; дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстайды; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіреді;</p>
	Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолданады.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсыну</p> <p>Күтілетін нәтижелер ұжымдық әңгімеге қатысады, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді; қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді; өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата алады</p>
	Математика негіздері	<p>Жиын: заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру</p>

		<p>негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.</p> <p>Сан, санау: Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес;</p> <p>Шама: Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;</p> <p>Геометриялық пішіндер: дағдыларды қалыптастыру: геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. Дағдыларын қалыптастыру: өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру, өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар).</p> <p>Уақытты бағдарлау. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие; шамасы әртүрлі 2-3 затты (биіктігі, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыра алады; геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді ажыратады және атайды; өзінің дене бөліктерін бағдарлап атайды; кеңістікті және уақытты бағдарлай алады.</p>
	<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Дөңгелек пішінді заттарды салу;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру;</p> <p>Сәндік сурет салу: Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, сурет салады; Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелейді; Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастырады.</p>

	Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Ермексазбен мүсіндеу, түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылықтарын арттыру;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Ермексазбен түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндейді; Қарапайым композицияларды мүсіндеп үйренеді; Ұлттық ойыншықтар туралы білім алады, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасайды.</p>
	Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды киюды үйрету;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;</p> <p>Сәндік жапсыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қияды; Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын біледі; Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен танысады;</p>
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру;</p> <p>Қағаздан құрастыру: Детальдің негізгі түріне желімдеу;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Конструктор бөлшектерін құрастыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалын құрастырады; Детальдің негізгі түрін желімдейді; Конструктор бөлшектерін құрастырады.</p>
	Музыка	Музыка тыңдау: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық

	<p>бейнелерінің арақатынасын тану және атау. Ән айту:Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу;Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және жеңіл секіру Билер:Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру; Би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:Сылдырмақтармен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу; Түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау</p> <p>Күтілетін нәтижелер:музыканың ырғағын дәл береді; би сипатындағы музыканы эмоционалды түрде қабылдайды; Хор айтуға үлкен шеңберге тұра алады; музыка жанрларын ажыратады.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Заттық әлем: Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру.</p> <p>Келесі білімдерді қалыптастыру: телефон, компьютер, теледидардың қолданысы туралы білімдерін қалыптастыру және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен таныстыру.</p> <p>Әртүрлі мамандықтағы адамдар туралы ұғым: Мемлекеттік рәміздер туралы (Ту, Елтаңба, Әнұран) білімдерін қалыптастыру.Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері: Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Отбасы мүшелерін ажыратып атай алады. Таныс заттарды ажыратып, айта алады; Техникалық құралдарды атайды,қауыпсіздік ережелерін сақтай біледі. Мемлекеттік әнұранды біледі және оны кеудесінің сол жағына қолын қойып айтады Бағдаршамның белгілерін, көшеден, жолдан өткенде өзін дұрыс ұстауды біледі;</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру.</p> <p>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру,</p> <p>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;</p> <p>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;</p> <p>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;</p> <p>Домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалатты.</p> <p>Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылып тепті.</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын кеңейту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу Күтілетін нәтижелер: дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйренеді. Диалогтік сөйлеуді жетілдіреді:әңгімеге қатысады.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Күтілетін нәтижелер: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады ,такпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады;</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету Күтілетін нәтижелер Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы түсінікке ие, Дыбыстарды жеке сөз ішінде анық айтады,</p>

		<p>Өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын атайды.</p> <p>Балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен сөйлеу дағдысына ие.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндерге түсінік беру.</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беру.</p> <p>Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа)</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн)</p> <p>Күтілетін нәтижелер: 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды; тәулік бөліктерін ажыратады кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды;</p>

	<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу;</p> <p>Сәндік сурет салу: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салады; Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салады; Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейтеді.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді; Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп оларды орналастырады; Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрады.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Сәндік жапсыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру;</p>

		<p>Күтілетін нәтижелер: Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамытады; Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қияды және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады; Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастырады.</p>
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру; Қағаздан құрастыру: Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтау; Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдар) таныстыру; Күтілетін нәтижелер: Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастырады; Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтайды; Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдар) танысады.</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау:Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту:Балаларды мәнгерлеп ән айтуға үйрету Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Марш сипатын ырғақты жүріспен беру Билер:Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау Күтілетін нәтижелер:Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды); Марш сипатын ырғақты жүрумен береді.</p>

<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p><i>Бала, оның отбасы, үйі:</i> Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу</p> <p><i>Заттық әлем:</i> Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><i>Байланыс және қозғалыс құралдары.</i> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><i>Еңбекке баулу.</i> Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау</p> <p><i>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</i> Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтау.</p> <p><i>Менің Отаным – Қазақстан.</i> Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту</p> <p><i>Жолда жүру ережелері:</i> Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол)</p> <p><i>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</i> Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.</p> <p><i>Өсімдіктер әлемі.</i> Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p><i>Жануарлар әлемі.</i> Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><i>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</i> Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту</p> <p><i>Күтілетін нәтижелер:</i> бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен</p>
--	--

		<p>санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады; өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытады; көлік түрлері мен жол түрлерін атайды; жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі; өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінеді; өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады; жолда жүру ережелерін біледі; қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі.</p>
--	--	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар:Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p>Негізгі қимылдар:Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру; Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру,</p> <p>Спорттық жаттығулар:Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеді. . Мұз жолмен өз бетінше сырғанады.</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді жетілдіру. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету. Байланыстырып сөйлеу. диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Күтілетін нәтижелер: ақырын, жылдам сөйлейді; өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады; диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Күтілетін нәтижелер: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды айта алады; оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге бейімдеу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу Байланыстырып сөйлеу. Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге талқылауға мүмкіндік беру.</p>

		<p>Күтілетін нәтижелер Ұжымдық әңгімеге қатысады, кезкепен сөйлеп тыңдай біледі. Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей дағдысына ие. Отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы мәнін түсінеді. Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын айырып айта біледі.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру Сан, санау: қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Шама: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигураларды денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. Кеңістікте бағдарлау. Кеңістік бағыттарын берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері. Күтілетін нәтижелер: өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінеді. қорытынды санды атайды, «барлығы қанша?» сұрағына жауап бере алады; екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша салыстырады; геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды; тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі; кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды;</p>

	<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтай білу;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу;</p> <p>Сәндік сурет салу: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтай біледі; Заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады; Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйренеді.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін иеді; Пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіреді; Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі;</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;</p> <p>Сәндік жапсыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолдану;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалануды біледі; Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді; Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере</p>

		отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданады.
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;</p> <p>Қағаздан құрастыру: Көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыру;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырады; Көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырады; Тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) танысады.</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау:Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу</p> <p>Ән айту:Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру</p> <p>Билер:Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:Таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).</p> <p>Заттық әлем: Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар)</p>

		<p>ретімен қою.</p> <p><i>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</i></p> <p>Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға үйрету.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан.</p> <p>Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><i>Жолда жүру ережелері:</i></p> <p>Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</p> <p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.</p> <p>Өсімдіктер әлемі.</p> <p>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін түсіндіру.</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><i>Күтілетін нәтижелер:</i></p> <p>Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерін айта алады.</p> <p>ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрайды;</p> <p>айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді;</p> <p>жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай алады;</p> <p>топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды;</p> <p>Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды;</p> <p>жолда жүру ережелерін біледі;</p> <p>бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді;</p> <p>ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады;</p> <p>жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін біледі;</p> <p>қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі;</p>
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру;</p> <p>Негізгі қимылдар: Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру; Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр жүру); 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; Бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу;</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтырды; шаңғымен бірінің артынан бірі жүрді;</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу</p> <p>Сөздік қор. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. сан есімдерді ретімен атау</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттау</p> <p>Күтілетін нәтижелер: тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады адамдардың мамандықтарын білдіретін зат есімдерді, еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді біледі; сан есімдерді ретімен атайды заттарды, суреттерді өз бетінше сипаттайды.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады; шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытады;</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.</p>

		<p>Байланыстырып сөйлеу. өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады, төрт түлік атауларын атайды, бір-бірімен ересектермен сөйлеседі; естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады; қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: заттарды жұппен қою</p> <p>Сан, санау: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету</p> <p>Шама: екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану</p> <p>Геометриялық пішіндер: геометриялық пішіндерді көру</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру</p> <p>Уақытты бағдарлау. «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады; геометриялық фигураларды көру шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады оң қолмен сол қолдарды ажыратады</p>

	Сурет салу	<p>Заттық сурет салу: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын кеңейту;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру;</p> <p>Сәндік сурет салу: Заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдары кеңейеді; Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын біледі; Заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояйды.</p>
	Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Балалардың көлемді пішіндерді мүсіндеуге қызығушылығын арттыру;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жеке бөліктерді тұтас бөліктен созады; Балалардың көлемді пішіндерді мүсіндеуге қызығушылығы артады; Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен танысады.</p>
	Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу;</p> <p>Сәндік жапсыру. Тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қияды; Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдейді; Тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді.</p>

	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау;</p> <p>Қағаздан құрастыру: Бұрыштарын және қырларын біріктіру;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) материалдардан құрастыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажыратып (текше, пластина, кірпіш, блок) оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; Бұрыштарын және қырларын біріктіреді; Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) материалдардан құрастырады.</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу</p> <p>Ән-айту: Қысқамузыкалықфразаларарасындатынысалудыдамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру</p> <p>Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі; музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді; ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру).</p> <p>Заттық әлем: Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан.</p>

		<p>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту</p> <p>Жолда жүру ережелері: Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Жануарлар әлемі. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауын анықтау.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: қоршаған ортадағы қарапайым мінез-құлық ережелерін біледі, сақтық танытады; өзОтанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады; өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінеді; жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді; қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі; өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі;</p>
--	--	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар:Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру.</p> <p>Негізгі қимылдар:Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру;</p> <p>Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p> <p>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;</p> <p>20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру;</p> <p>Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; Араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>Спорттық жаттығулар:Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра (1,5 метр қашықтықта) лақтырды. Шанамен төбешіктен сырғанады,</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру. Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. оларды зат есімдермен септіктерді қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттерді талқылау. Күтілетін нәтижелер: сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолданады; зат есімдермен септіктерді қолданып үйренді. бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырады;</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Күтілетін нәтижелер: шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады;</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөздік қор. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету Күтілетін нәтижелер Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлілігін оларға еліктеп, жеткізеді; сюжетті эмоционалды қабылдайды,</p>

		кейіпкерлерге жанашырлық танытады; ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды.
	Математика негіздері	<p>Жиын: оларды санамай-ақ салыстыру.</p> <p>Сан, санау: теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру</p> <p>Шама: жуандығы бойынша заттарды салыстыру</p> <p>Геометриялық пішіндер: сипап сезу арқылы зерттеу сөйлеуде сын есімдерді қолданып</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу</p> <p>Уақытты бағдарлау. «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие; жуандығы бойынша салыстырады; сипап сезу арқылы зерттейді; кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды; «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады;</p>
	Сурет салу	<p>Заттық сурет салу: Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына деген қызығушылықтарын ояту;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру;</p> <p>Сәндік сурет салу: Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына деген қызығушылықтары артады; Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен танысады; Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді.</p>

	Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: <i>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен мүсіндеуге баулу;</i></p> <p>Күтілетін нәтижелер: Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді; Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығы артады; Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен мүсіндейді</p>
	Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастыру;</p> <p>Сәндік жапсыру: Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қию;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алады; Қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырады; Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қияды.</p>
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау;</p> <p>Қағаздан құрастыру: Бөлшектерді өзара желімдеу;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Өз бетінше ойдан құрастырады, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналастырады; Бөлшектерді өзара желімдейді; Қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастырады.</p>
	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын,

		<p>қатты, баяу, жылдам) Ән-айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Әнді созып, сөздерін анық айтады; музыканың ырғағымен жүреді; музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; музыка жанрларын анықтайды.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Заттық әлем: Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге Менің Отаным – Қазақстан. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері: Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) Жануарлар әлемі. қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі</p>

		<p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.</p> <p><i>Күтілетін нәтижелер:</i></p> <p>өзін құрметтегенді ұнатады; көлік түрлерін атайды.</p> <p>Жақындарының мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытады басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөліседі;</p> <p>өзотанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады; жол белгілері туралы ұғымдарды кеңейтті.</p> <p>өсімдіктердің даму кезеңдері жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінеді.</p> <p>жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады.</p>
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру;</p> <p>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру;</p> <p>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру;</p> <p>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;</p> <p>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;</p> <p>Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p>Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеді.</p> <p>Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтырды (2 метр қашықтықтан).</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөздік қор. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) Тілдің грамматикалық құрылымы. жекеше және көпше түрде, зат есімдерді Байланыстырып сөйлеу. бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың Күтілетін нәтижелер: сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс, анық айтады өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады; әңгімелер құрастырады.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Күтілетін нәтижелер: кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады;</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Сөздік қор. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға машықтандыру Күтілетін нәтижелер Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлілігін оларға еліктеп, жеткізеді; сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды. Өз ойын айтып жеткізе білуге әрекет ете алады.</p>

	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау: Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу</p> <p>Шама: салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз</p> <p>Геометриялық пішіндер: салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау,</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау. «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: тең немесе тең еместігін анықтайды. шаманы салыстыруда ұзын-қысқа енд-енсіз тәсілдерін қолданады салыстыру нәтижелерін атайды кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады</p>
	<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты арттыру;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру);</p> <p>Сәндік сурет салу: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықтары артады; Түстерді өз бетінше жасайды (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластырады); Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударады.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Мүсінделген заттың бетін тегістеуге үйрету;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Мүсіндеуде қысу, тарту әдістерін қолдану;</p>

		<p>Сәндік мүсіндеу: Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Мүсінделген заттың бетін тегістеуге үйренеді; Мүсіндеуде қысу, тарту әдістерін қолданады; Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді.</p>
	Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: Тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қию;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Қағаз бетінде заттың бейнелерін желімдеу;</p> <p>Сәндік жапсыру: Өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қияды; Қағаз бетінде заттың бейнелерін желімдейді; Өз бетінше ойдан қиып жапсырады.</p>
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру;</p> <p>Қағаздан құрастыру: Композиция құрастыру;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды; Композиция құрастырады; Табиғи материалдардан түрлі композиция жасайды;</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату</p> <p>Ән-айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту</p> <p>Билер: Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын</p>

		<p>орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды; таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды; қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді; ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындайды.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Заттық әлем: оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу,</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы</p> <p>Жолда жүру ережелері: Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша)</p> <p>Жануарлар әлемі. олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым</p>

		<p>экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі ойыншықтарға, кітаптарға, ыдыстарға ұқыпты қарайды Қазақстан Республикасының бас қаламыз – Астана қаласы туралы тыңдау табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады; Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйренеді өсімдіктердің жіктелуі туралы түсіндіру. жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтайды.</p>
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар:Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.</p> <p>Негізгі қимылдар: Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы кадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру</p> <p>Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;</p> <p>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;</p> <p>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;</p> <p>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;</p> <p>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату;</p> <p>Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p>Спорттық жаттығулар:Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеді;</p> <p>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секірді;</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздер Сөздік қор. тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. сын есімдермен байланыстыруға Байланыстырып сөйлеу. ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Күтілетін нәтижелер: тұрмыстық электротехника заттарын таниды және атайды; сын есімдермен байланыстырды тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады; бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылайды</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Күтілетін нәтижелер: шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады.</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Күтілетін нәтижелер</p>

		<p>Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды; оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады; тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады; сөздерді жіктеп тәуелдеп септеп қолдана біледі, өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу</p> <p>Сан, санау: артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру</p> <p>Шама: биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.</p> <p>Геометриялық пішіндер: жоғары-төмен, қалың-жұқа</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр.</p> <p>Уақытты бағдарлау. «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Тең немесе тең е естігін анықтайды кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды жоғары-төмен, қалың-жұқаны ажыратады екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады</p>

	<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау;</p> <p>Сәндік сурет салу: Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға баулу;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсінік алады; Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастырып, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтайды; Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отырады.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Фигуралардың бетін тегістеуге үйрету;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Мүсіндеуде басу әдістерін қолдану;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Дайын мүсінді шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Фигуралардың бетін тегістеуге үйренеді; Мүсіндеуде басу әдістерін қолданады; Дайын мүсінді шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды үйрету;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру;</p> <p>Сәндік жапсыру: Шығармашылық қиялды дамыту;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды үйренеді; Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстырады;</p>

		Шығармашылық қиялды дамытады.
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау;</p> <p>Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап, ойнап болған соң оларды жинап және орнына қойып, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды; «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады; Шығармашылық қиялды дамытады.</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен)</p> <p>Ән-айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу</p> <p>Билер: Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыканың тактісімен алақандарды соғу; түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.</p> <p>Заттық әлем: телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге</p>

		<p>көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары</p> <p>Жолда жүру ережелері: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Жануарлар әлемі. олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау)</p> <p>Күтілетін нәтижелер: отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін біледі; ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады</p> <p>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейтеді: гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p>
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру;</p> <p>Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p> <p>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру;</p> <p>Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу;</p> <p>Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру;</p> <p>Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру;</p> <p>Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу;</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секірді. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтырды.</p>

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Күтілетін нәтижелер: естіген дыбыстарды дұрыс айтады; етістіктерді бұйрық райымен қолдана біледі. ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Күтілетін нәтижелер: сахналық қойылымдарға қатысады; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге тырысады; рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Құрдастарын есімімке толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («қарындас»), төрт түлік (жылқы, түйе) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. Байланыстырып сөйлеу.</p>

		<p>Шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу</p> <p>Сан, санау: «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру</p> <p>Шама: Бірнеше затты өсу және кему ретімен 57 орналастырып, салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр</p> <p>Уақытты бағдарлау. «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, қалыңдығы бойынша салыстырады «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады</p>

	<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа;</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік сурет салу: Жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйренеді: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа; Элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіруге дағдыланады; Жұмыс орнын таза ұстап, ұқыпты болып, қауіпсіздікті сақтайды.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Кескішті қолдануды үйрету</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Кескішті қолдануды үйренеді; Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді; Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: Шаршының бұрыштарын қиюды үйрету;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Сәндік жапсыру: Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Шаршының бұрыштарын қиюды үйренеді; Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыланады; Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтап, жұмысты ұқыптылықпен орындайды.</p>

<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу;</p> <p>Қағаздан құрастыру: Түрлі тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты оянып, құрылыс жобасын бірлесіп ойластырады, құрдастар арасында міндеттерді бөліседі; Түрлі тәсілдерді қолданып, командамен бірге нәтижеге қол жеткізе алады; Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастырады.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p><i>Бала, оның отбасы, үйі:</i> Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p><i>Заттық әлем:</i> Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p><i>Байланыс және қозғалыс құралдары.</i> Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p><i>Еңбекке баулу.</i> Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p><i>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</i> Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p><i>Менің Отаным – Қазақстан.</i> олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту</p> <p><i>Жолда жүру ережелері:</i> Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету</p> <p><i>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</i></p>

		<p>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды еңбек етуге қызығушылық танытады; көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады; көлік түрлері мен жол түрлерін атайды өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтайды бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді;</p>
--	--	--

Нөмірленген, түптелген 59 бет

ЖШС «Жеке балабақша-балабақшасының» «Ақниет+»

жеке бөбекжай-балабақшасының

менгерушісі:

Г.К.Мухамбетқышева

